

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелері бойынша
"KASE клиринг орталығы" АҚ клиентінің сауалнамасын таңдау бойынша**

ТҮСІНДІРМЕ

Сауалнамалар "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарды орындау үшін әзірленді және клирингілік қатысушыларға арналған.

Толтыру үшін сауалнаманы компанияның түріне байланысты клирингілік қатысушы таңдайды:

№	Сауалнама	Қандай компаниялар үшін
1.	№ 1 сауалнама	1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ бақылауды ¹ мемлекеттік органдар жүзеге асыратын заңды тұлғалар; 2. Мемлекеттік мекемелердің немесе мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингінің немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 %-ы ұлттық басқарушы холдингіге тиесілі заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар; 3. Екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары – Қазақстан Республикасының резиденттері, сондай-ақ акциялары шет мемлекеттің қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ұйымдар; 4. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар.
2.	№ 2 сауалнама	Осы кестенің 1-тармағында көрсетілмеген компаниялар
3.	№ 3 сауалнама	Клиринг орталығының сұрауы бойынша толтырылады ²
4.	Шетелдік қаржы ұйымдарының (бұдан әрі – ШҚҰ) № 1 сауалнамасы	Акциялары шет мемлекеттің қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ШҚҰ
5.	ШҚҰ бойынша № 2 сауалнама	Осы кестенің 4-тармағында көрсетілмеген ШҚҰ
6.	ШҚҰ бойынша № 3 сауалнама	Клиринг орталығының сұрауы бойынша толтырылады ²

КЖЖТҚҚ бойынша сауалнаманы өзгерткен кезде клирингілік қатысушы:

– **бестен астам** мәлімет – КЖЖТҚҚ бойынша жаңартылған сауалнаманың түпнұсқасын және КЖЖТҚҚ бойынша сауалнамада көрсетілген мәліметтің дұрыстығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады;

– **бес және одан аз** мәлімет – КЖЖТҚҚ бойынша сауалнамада көрсетілген өзгертілген мәліметтің дұрыстығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері қоса берілген ресми хат ұсынады.

¹ Мемлекеттік орган осындай заңды тұлға акцияларының бақылау пакеті (акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының 50 пайыздан астамы) немесе қатысудың бақылау үлесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктегі қатысу үлесінің 50 пайыздан астамы) мемлекетке тиесілі болған жағдайда заңды тұлғаны бақылауды жүзеге асырады.

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру саласындағы заңнамасын орындау мақсатында Клиринг орталығының клиенттен өзге сауалнаманы сұратуға құқылы.